

"Экономикалық зерттеулер институты" мемлекеттік мекемесін "Экономикалық зерттеулер институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорны етіп қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 27 сәуір N 488

"Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын бағдарламалардың әкімші-мекемелерінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 желтоқсандағы N 1335 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің "Экономикалық зерттеулер институты" мемлекеттік мекемесі шаруашылық жүргізу құқығындағы "Экономикалық зерттеулер институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) болып қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы болып белгіленсін. <*>

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.11.30. N 1817 қаулысымен

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.20. N 837 қаулысымен . ("Экономикалық зерттеулер институты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына қатысты 2002 жылғы 1 қарашадан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданады).

3. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Кәсіпорынның жарғылық капиталын қалыптастырсын, Жарғысын бекітсін және Кәсіпорынды белгіленген тәртіппен әділет органдарында тіркесін.

4. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі